

**Облыстың экологиялық мәселелері туралы мәжілісте тұрмыстық қатты қалдықтарды орналастыратын полигондарды экологиялық және санитарлық талаптарға сәйкестендіру және қалдықтарды тасымалдауға байланысты бекітілген тарифтер талқыланды.**

«Тұрғындардың салауатты және сенімді ортада өмір сүруін қамтамасыз ету – біздің басты міндеттеріміздің бірі. Бүгінде облыс халқының 98 пайызы орталықтандырылған ауыз су жүйесін пайдаланып отыр. Облыстағы ауылдық елді мекендердің 83,2% орталықтандырылған ауыз су жүйесіне қосылған. Бұл - республика бойынша алдынгы көрсеткіштердің бірі», - деді аймақ басшысы.

Облыстық экология департаментінің басшысы Марат Құрманбаевтың айтуынша, аймақта көптеген әлеуметтік нысандар салынып, олардың әрқайсысына лас су жинақтағыш септиктері салынған. Тұрмыстық шаруашылыққа пайдаланатын судан жылына шамамен 16,0 млн.м<sup>3</sup> лас су шығады. Алайда осындай көлемдегі лас суды тоғетін арнайы кәріз су қабылдайтын алаңдар кейбір аудандарда нақты шешімін таппай отыр.

Департамент басшысы елді мекендердегі кәріз жүйесінен шыққан лас суларды реттеу шараларын жүзеге асыру туралы бірқатар ұсыныстар енгізді.

Облыстық энергетика және тұрғын-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Медет Усаин мен аудан әкімдері кәріздік суларды тазарту және кәдеге жарату бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады.

Мәжілісте тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдеу мәселесі де қаралды. Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Айдар Абдуалиевтің айтуынша, аймақтың экологиялық мәселелерінің ішіндегі маңыздысы полигондарды экологиялық және санитарлық талаптарға сәйкестендіру болып табылады.

«Барлық аудандар мен қала әкімдіктері өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыруға 145 жер учаскесін белгілеп, тиісті құжаттарын толығымен рәсімдеді. 2013-2015 жылдары

Кармакшы, Казалы аудандарының орталықтарында полигон құрылыстары жүргізілді. 2018 жылы 1-ші кезекте облыстық бюджеттен Арал қаласына полигон салуға қаржы бөлінді. Қалған қаражат 2019 жылғы нақтыланған бюджетке ұсынылды.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында Қызылорда қаласында тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптау кешені мен полигон құрылысын іске асыру жобасы басталды. Аталған жұмыстарды жалғастыру мақсатында Сексеуіл мен Теренозек кентіне полигон құрылыстарына бюджетке отінім ұсынылды. Қалған Жанакорган, Шиелі, Жалағаш аудандары полигонның жоба-сметалық құжаттарын әлі күнге дейін созуда»-деді А.Абдуалиев.

Жалпы аймақтың барлық аудандарында ондеуге келетін қалдықтарды ондеу бойынша тиісті жұмыстар өз деңгейінде жүргізілмеуде. Облыс бойынша 2018 жылы жинақталған 147,0 мың тонна қатты тұрмыстық қалдықтардың 4700 тоннасы онделген. Қайта ондеу үлесі 3,19 %-ды құрады.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі**